

«Құқықтану» мамандығының «Жеке тұлғаға қарсы қылмыстарды саралаудың негізі» пәні бойынша емтихан сұрақтары

№	1 БЛОК
1	Жеке адамға қарсы қылмыстардың жалпы сипаттамасы.
2	Өмірге қарсы қылмыстардың жалпы сипаттамасы
3	Адам өлтіру құрамы
4	Жаңа туған сәбиді анасының өлтіруі құрамы.
5	Жан күйзелісі жағдайында жасалған адам өлтіру құрамы
6	Қажетті қорғаныс шегінен асу жағдайында жасалған адам өлтіру құрамы
7	Абайсызда адамға өлім келтіру құрамы
8	Өзін өзі өлтіруге дейін жеткізу құрамы
9	Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру құрамы
10	Денсаулыққа орташа ауыр зиян келтіру құрамы
11	Азаптау құрамы
12	Денсаулыққа жан күйзелісі жағдайында зиян келтіру
13	Қажетті қорғаныс шегінен шығу барысында денсаулыққа ауыр зиян келтіру құрамы
14	Қылмыс жасаған адамды ұстау кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру құрамы
15	Денсаулыққа абайсызда ауыр зиян келтіру құрамы
16	Қорқыту құрамы
17	Адамның органдары мен тінін алуға мәжбүр ету немесе заңсыз алу құрамы
18	Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің кәсіптік міндеттерін тиісінше орындамауы құрамы
19	Клиникалық зерттеулер жүргізудің және профилактиканың, диагностиканың, емдеудің және медициналық оңалтудың жаңа әдістері мен құралдарын қолданудың тәртібін бұзу құрамы
20	Соз ауруын жұқтыру құрамы
21	Адамның иммун тапшылығы вирусын (ВИЧ/ЖҚТБ) жұқтыруы құрамы
22	Заңсыз аборт жасау құрамы
23	Науқасқа көмек көрсетпеу құрамы
24	Қауіпті жағдайда қалдыру құрамы
25	Зорлау құрамы
26	Нәпсіқұмарлық сипатындағы күш қолдану құрамы
27	Он алты жасқа жетпеген адаммен жыныстық қатынаста болу және

	нәпсіқұмарлық сипаттағы өзге де іс әрекеттер құрамы
28	Жыныстық қатынас жасауға, еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауына, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе нәпсіқұмарлық сипаттағы өзге де іс әрекеттерге мәжбүр ету құрамы
29	Жас балаларды азғындату құрамы
30	Адамды ұрлау құрамы
	2 БЛОК
1	Бас бостандығынан заңсыз айыру құрамы
2	Психиатриялық стационарға заңсыз орналастыру құрамы
3	Адамды саудаға салу құрамы
4	Жала жабу құрамы
5	Қорлау құрамы
6	Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстардың жалпы сипаттамасы
7	Кәмелетке толмаған адамды қылмыстық іске тарту құрамы
8	Кәмелетке толмаған адамды қоғамға қарсы іс әрекеттер жасауға тарту
9	Кәмелетке толмаған адамды жезөкшелікпен айналысуға тарту
10	Кәмелетке толмағандарды саудаға салу құрамы
11	Баланы ауыстыру құрамы
12	Бала асырап алу құпиясын жария ету құрамы
13	Балаларын немесе еңбекке жарамсыз ата анасын асырауға арналған құжатты төлеуден әдейі жалтару құрамы
14	Кәмелетке толмаған баланы тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау құрамы
15	Балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді тиісінше орындамау құрамы
16	Қамқоршы немесе қорғаншы құқықтарын теріс пайдалану құрамы
17	Еңбекке жарамсыз жұбайын (зайыбын) асыраудан әдейі жалтару құрамы
18	Денсаулыққа қарсы қылмыстардың жалпы сипаттамасы
19	Жыныстық қылмыстардың жалпы сипаттамасы
20	Адам құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстардың жалпы сипаттамасы
21	Жеке адамның ар намысына және адамгершілігіне қарсы қылмыстардың жалпы сипаттамасы
22	Заңсыз аборт жасау құрамын медицина және фармацевтика қызметкерлерінің кәсіптік міндеттерін тиісінше орындамауы құрамынан ажырату
23	Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру құрамын адам өлтіру құрамынан ажырату
24	Адамдарды саудаға салу құрамын адамды ұрлау құрамынан ажырату
25	Жала жабу қылмыс құрамын қорлау құрамынан ажырату
26	Жан күйзелісі жағдайында адам өлтіру құрамын денсаулыққа жан күйзелісі жағдайында зиян келтіру құрамынан ажырату

27	Қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде адам өлтіру құрамын қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру құрамынан ажырату
28	Қылмыс жасаған адамды ұстау үшін қажетті шаралардың шегінен шығу кезінде жасалған кісі өлтіру құрамын қылмыс жасаған адамды ұстау кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру құрамынан ажырату
29	Абайсызда адамға өлім келтіру құрамын денсаулыққа абайсызда зиян келтіру құрамынан ажырату
30	Зорлау құрамын нәпсіқұмарлық сипатындағы күш қолдану құрамынан ажырату
3 БЛОК	
1	<p>Вагапов ауырлататын жағдайда адам өлтіргені үшін сотталып, жазасын өтеп жатты. ҚазССР ҚК-нің 46-1 бабының негізінде ол мерзімінен бұрын шартты түрде босатылмады. Жаңа ҚР ҚК күшіне енгеннен кейін, Вагапов жаңадан қабылданған ҚК оның мерзімінен бұрын шартты түрде босатылуы үшін кедергілердің жоқтығын алдыға тарта отырып, мерзімінен бұрын шартты түрде босату туралы өтініш жасады.</p> <p>Аталған жағдайда Вагаповты мерзімінен бұрын шартты түрде босатуда ҚР жаңа қылмыстық заңының кері күші бола ма?</p>
2	<p>Қазақстандық теплоходтың шет мемлекеттің портында аялдау кезінде жолаушылар Гаевпен Кимнің арасында кеменің бортында жанжал туды, жанжал кезінде Гаев Кимге пышақ сұғып алды. .</p> <p>Гаевтің жауапкершілігі мәселесін шешіңіз?</p>
3	<p>Асанов кешқұрым көшеде кетіп бара жатқан қызды тоқтатып, оны қорқыта отырып сөмкесін беруді талап етті. Қорыққанынан қыз сөмкесін бере салды. Оның ішінде құны 250 теңге тұратын парфюмерлі бұйымдар бар еді..</p> <p>Асановтың іс-әрекеті ҚР ҚК 9 баптың 2 бөлігіне жата ма?</p>
4	<p>Сорокин, көлікті мас күйінде жүргізе отырып, жолаушыларды қағып кетті, олар оқиға орын алған жерде қаза тапты. Қылмыс жаңа ҚР ҚК (1997) қабылданғанға дейін орын алған еді, бірақта істі сотта қарау барысында, осы қылмыс үшін жеңілірек жаза шарасын көздейтін жаңа ҚК күшіне енді.</p> <p>Аталған жағдайда жаңа қылмыстық заңның кері күші бола ма?</p> <p>Сорокинге: Қаз ССР ҚК 217-бабын ба әлде ҚР ҚК 297 бабын қолдану қажет пе?</p>
5	<p>Жүргізуші Саматов Москва қаласынан Алматы қаласына дейін жеңіл машинаның 100 шинасын тасымалдау үшін жауапкершілікті өз мойнына алды. Жолда келе жатып, ол өз пайдасы үшін 20 шинаны сатып жіберді. Белгіленген жерге келгеннен кейін ол полицияға 20 шинаның ұрланғаны туралы мәлімдеді.</p>

	Саматовтың іс-әрекетінде қылмыс бар ма?
6	<p>Балық аулау кемесінің капитаны К Балқаш көлінде балық аулау кезінде кеме жүргізу ережесінің қауіпсіздігін бұзды, нәтижесінде матрос И кемеңің бортынан тыс қалды. Матростың құлағандығын бірден байқамады, нәтижесінде матрос суға батып кетті.?</p> <p>Капитанның іс-әрекетінде қылмыстың қандай құрамының белгілері бар?</p> <p>Капитанның кінә нысанын анықтаңыз?</p>
7	<p>Адамдар көп жүретін көшемен 35-40 км/сағ жылдамдықпен. «Жигули» автомобилін айдап келе жатқан М жаяу жүргіншілер жүретін жол жақтан жүгіріп өтпек болған К-ны көре тұрып автомобилдің жылдамдығын төмендетуге немесе тоқтатуға әрекет етпеді. Нәтижесінде К-ны қағып кетті. Ол алынған жарақаттардан қайтыс болды.</p> <p>Жүргізушінің іс-әрекетінде қылмыс құрамының белгілі бір белгілері бар ма?</p>
8	<p>Автобус салонында Симаков әдепсіз сөздер сөйледі. Онымен бірге келе жатқан Сабиров және Тополев оған ескерту жасады, Симаков оларға өрескелдікпен жауап қайтарды. Аяладамада Сабиров және Тополев Симаковты тірек пунктіне күштеп алып шықты. Жолда келе жатып Сабиров Симаковтың қолын жіберді. Осыны пайдаланған, Симаков қалтасынан пышақ алып, оны ұстап тұрған Тополевтің ішіне пышақ сұғып алды. Алынған жарақаттан Тополев құлап қалды. Ал Симаков қашып кетті, бірақ кейіннен ұсталды..</p> <p>Симаковтың іс-әрекетіне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз?</p>
9	<p>Петров сатушының болмағандығын пайдалана отырып, дүкен сөресінен шет елдік өндіруші шығарған 2 жұп аяқ киімді алды. Ұрлаған затымен бірге оны күзетшілер ұстап алды. Петров ұрлауды қасындағылар байқамай тұрғанда жүзеге асырғандығын айтты. Оны бақылап тұрған тұтынушы Глядушинді көрмеді, өйткені ол басқа бөлімде тұрған еді..</p> <p>Қылмыс жасаудың тәсілінің қылмыстық жауапкершілік үшін қандай маңызы бар?</p>
10	<p>Инспектор Жидков тәлімгерлермен оқ ату сабағын өтіп болғаннан кейін, тәлімгерлер атқан тапаншаны Пчелкинге қоймаға сақтау үшін апаруын өтінді. Жолда келе жатып Пчелкин, нұсқаушы тапаншаны тексергендігін және ол оқталмаған екен деп ойлап, тапаншаның шүріппесін басып қалды.Нәтижесінде оқ атылып, оқушылардың біреуі өлімші болып жараланды.</p> <p>Жидков пен Пчелкиннің қылмыстық жауапкершілігі мәселесін</p>

	шешіңіз?
11	<p>Кәмелетке толмаған Сәлімов пәтер ұрлау үшін топ құрды. Топ құрамына 12 жасар Шүкеев, 15 жасар Асқаров кірді. Осы адамдардың тобы бірнеше ұрлық жасады және кезекті рет бөтен адамның пәтерін ұрлап жатқан тұста ұсталды.</p> <p>Сұрақтар: Қылмыстың субъектісі болып кім танылады? Топтың мүшелерін қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін қосымша негіздер бар ма?</p>
12	<p>Егоров мас күйінде түнгі сағат 3.00-де көшеге шығып аңшы мылтығымен, көршісіне тиесілі қаздарды ата бастады, нәтижесінде екі қазды жаралады. Түнгі уақыттағы атыстан шошыған көршілер тығыла бастады. Олардың біреуі терезсін ашып Егоровқа атысты тоқтатуын талап етті. Егоров осыған жауап ретінде, терезеге қарата оқ атты, нәтижесінде әйнек сынып, бөлме әйнекке толып кетті.</p> <p>Егоровпен жасалған қылмыстың объективтік жағын сипаттаңыз. Егоровпен қолданылған зат және оның қолданылған іс-әрекетінің тәсілінің қандай маңызы бар? ҚР ҚК 257 бабы 3 бөлігімен танысыңыз.</p>
13	<p>103 мектеп-гимназиясының оқушылары 14 жасар Николаев өзінің досы 13 жасар Ереппев екеуі мектепте жанжал туғызып, мектеп мүлкін қиратып, өрескел қылықтарымен бірқатар әдепсіз іс-әрекеттер жасады.</p> <p>Аталған тұлғалар қылмыстық жазаға тартыла ма?</p>
14	<p>Савин өзінің әйелін Пуговкиннен қызғанды. Кезекті ұрыс-керіс кезінде Савин өзінің әйелін тұншықтырды. Сот-медициналық сараптамасымен анықталғанындай, Савин адам өлтіру кезінде ақыл-есі дұрыс болып танылған.</p> <p>Савин қасақана адам өлтіргені үшін қылмыстық жауапкершілікке тартыла ма? Савиннің өзінің әйелін қызғануы жеңілдететін мән-жай болып таныла ма?</p>
15	<p>Инфантилизмнің айқын белгілері көрініс тапқан 15 жасар Исмайлов кәмелетке толмаған кәмелетке толмағандар Сидорова мен Анаськинаға қатысты өрескел жыныстық сипаттағы іс-әрекеттерді жасады..</p> <p>Савин қасақана адам өлтіргені үшін қылмыстық жауапкершілікке тартыла ма? Исмайловты қылмыстың субъектісі деп тануға бола ма?</p>

16	<p>Савкин мен Жаров мас күйінде Савкиннің танысы Бобкованың үйіне келіп арақ пен шарап ішті. Бобкованың пәтерінде тұратын Фролова мен оның көңілдесі Сычевте ішімдікті ішу барысында бірге болды. Ішімдікті ішу барысында Фролова Савкин мен Жаровтан құжаттарын көрсетуді талап етті, нәтижесінде олардың арасында дау туды.</p> <p>Савкин мен Жаров кетуге бел буғанда олардың жолын Фролова бөгеді. Оған жауап ретінде Савкин мен Жаров оны керзі етігімен бетінен, басынан және кеудесінен тебе бастады. Фролованың басына, мойнына келтірілген көптеген жарақаттардан қайтыс болды.</p> <p>Савкин мен Жаров жасаған қылмыстың субъективтік жағына талдау беріңіз?</p>
17	<p>Есин аңшылықтан Будзинмен шанада бірге келе жатты. Шанада оқталған қосатар болды. Есин бұрылыс кезінде қолғабымен мылтықтың шүріппесін іліп қалды, нәтижесінде оқ атылып Будзиннің тізесіне оқ тиді.</p> <p>Есинді қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін негіз бар ма?</p>
18	<p>Жұмыстан кейін Конев және орман зауыты ағаш шеберлері бригадаларының мүшелері жардың жанында ішімдік ішуді ұйымдастырды. Нефедов пен Конев күресіп ойнап жатты. Олар арпалысып жүріп жардың шетін байқамай қалып, екеуі де жарға құлап түсті. 10 метрдей құлап бара жатып, кездейсоқ ол шығып тұрған тастан ұстап қалды, ал Нефедов болса 32 метрдей жардың түбіне құлап, тыныс алу орталығының сал болып қалуынан және мидың шайқалуынан оқиға орын алған жерде қаза тапты</p> <p>Коневті Нефедовты абайсызда адам өлтіргені үшін қылмыстық іс қозғалды.</p> <p>Коневті айыптау қаншалықты негізді?</p> <p>Оқиғаның мән-жайын талдаңыз және өзіңіздің шешіміңізді беріңіз?</p>
19	<p>Агаев өзінің көршісі Рзаевті қызғанышпен аса қатігездікпен өлтіргені үшін кінәлі деп танылды. Аса қатігездік деп сот Рзаевтің Агаевті жақын қашықтықтан атуы арқылы, оған елеулі жарақаттар, беттің жағын, тісін және мұрнын бұзған.</p> <p>Жәбірленушіге келтірілген дене жарақаттары сипатының маңызы қандай, айыпталушының қасақаналық ойын анықтаңыз?</p>
20	<p>Веллерт Варпеленің пәтерінде, әзілдей отырып, дәлізде тұрған шелектің ішіндегі сұйықтықты шашып жіберді. Сұйықтық бензин болғандықтан плиткаға тиіп, өрт шықты. Өрт нәтижесінде денсаулыққа ауыр зиян келген күйіктер алды.</p> <p>Веллерт денсаулыққа абайсызда зиян келтіргені үшін</p>

	<p>жауапкершілікке тартылды. Беллерттің іс-әрекетімен саралауға келісуге бола ма?</p>
21	<p>Савченко Пустоваловқа қарызға ақша берді. Қарыз алушы қарыз берушіге қарызды беруден бас тартқандықтан, Савченко мас күйінде келе жатып, өзіне қарыз адамды кезіктіріп қалып, оның басынан пышақпен ұрып өлтірді. Сот Савченконы пайдакүнемдік ниетпен адам өлтіргені үшін соттады. Соттың осындай шешімімен келісуге бола ма? Пайдакүнемдік ниеттің мазмұнын ашыңыз.</p>
22	<p>Пенкин Корольковтың пәтерінде спирттік ішімдіктерді ішіп отырды. Осы уақытта Корольковтың көршісі Бекетов кіріп келді. Пенкин мен Корольковтың арасында ас үй пышағының беріктігі туралы дау туындады. Пенкин Бекетовтың үстіндегі сауытшасын тесіп өте алады деп пышақпен ұрып қалады, бірақ сауытшаны пышақ тесіп өте алмай қалады. Пенкин екінші рет Бекетовтың үстіндегі сауытшасын ұрып қалады, бұл ретте де, ол сауытшаны тесіп өте алмайды. Пенкин үшінші рет Бекетовтың үстіндегі сауытшасынан ұрып қалады, осы ретте оның өміріне қауіп туғызатын зиян келеді.. Пенкиннің іс-әрекетіндегі кінә нысанын анықтаңыз. Пенкиннің іс-әрекетін саралаңыз?</p>
23	<p>10 сыныпта оқитын 16 жасар Белобородов үзіліс кезінде мектептің алаңында, 8 сынып оқушысы Белобородов ішінен жұдырықпен ұрып, бүйрегіне зақым келтірді, кейіннен ол бүйрегін сылып алып тастады.. Сот медицина сараптамасының қорытындысы бойынша бүйректі сылып алып тастау Юркиннің өзі және ата-аналары білмеген аурумен байланысты болған. Белобородовтың іс-әрекетінің ауыр зардаптарға психикалық қатынасын анықтаңыз?</p>
24	<p>Қалмұрзаев, Дмитриев және Рогов шолақ мылтықпен және пышақпен қаруланып алып, бай азаматтардың пәтерлеріне шабуыл жасау арқылы олардың мүлкін иелену мақсатын көздеді. Топ шабуыла жасаудың алдында полиция органдарымен әшкереленді. Аталған қылмыстың аяқталу сәтін анықтаңыз. Осы қылмыс бойынша қылмысқа оқталу болуы мүмкін бе?</p>
25	<p>Қалмағамбетов әскеркоматқа келіп, мемлекеттік құзыреттерді атқаруға уәкілетті тұлғаға, әскерге шақырудан босату үшін 500 долларды ұсынды. Бастық өзінің кабинетіне бөлімнің бағынышты қызметкерлерін шақырып, орын алған оқиға туралы акті жасап, оны қаржы полициясына тапсырды.</p>

	<p>ҚР ҚК 312 бабында көзделген қылмыс формалды немесе материалды боп табыла ма, бұл қылмыс қашан аяқталған деп танылады?</p>
26	<p>Бобров ажырасып кеткен әйеліне кек қайтару үшін, оның әйнегінің терезесін қиратуды жөн деп тапты. Көшеде Левашев пен Семенов деген екі жасөспірімді кездестіріп, оларға сыйақы үшін терезені сындыруды ұсынды. Жасөспірімдерге сындыратын терезені көрсетіп, өзі үйдің бұрышына кетті. Левашев пен Семенов бір мезетте көрсетілген терезеге кірпіш лақтырып қашып кетті. Лақтырылған кірпіштердің біреуі пәтердің иесі Быстрованың үйіне келген қонақтың басына тиіп, оған ауыр жарақат келтірілді.</p> <p>Аталған іс-әрекеттерде қылмысқа қатысу бар ма?</p>
27	<p>Мас Григорьев, Бабаев және Демидовтер көшеде өздерін әдепсіз ұстады. Семенов Григорьевті тәртіпке шақырды, Бабаев пен Демидов өзінің бөтелкелестеріне қосылды. Үшеуі 30-40 минут полиция патрулі келгенше мінездерін көрсетті.</p> <p>Қатысу нысанының түсінігін және оларды топтастыру критерилерін беріңіз.</p> <p>Григорьев, Бабаев және Демидовтердің әрекеттерінде қатысудың қандай нысаны көрініс тапқан?</p>
28	<p>Р және П үздіксіз ТМД мемлекеттерінің бір елінен екіншісіне өтіп жүріп, өздерінің сапарларын валюталық құндылықтардың контрабандасы үшін пайдаланғысы келді. Одан кейін олар өздерінің іс-әрекеттерін бір бірінен жасыра алмады да өзінің жеке қарауы бойынша әрекет етті.</p> <p>Аталған тұлғалардың іс-әрекеттерін ҚР ҚК 208 бабы 3 бөлігі бойынша саралау мүмкін бе?</p> <p>Ұйымдасқан қылмыстылықтың түсінігін талдаңыздар, оның белгілері қандай?</p>
29	<p>Машин денсаулыққа орташа ауырлықта зиян келтіргені үшін екі жыл бас бостандығынан айыру жазасын өтеп келгеннен кейін, ҚР ҚК 321 бабы 1 бөлігінде көзделген қылмысты жасады.</p> <p>Машиннің іс-әрекетінде қылмыстың қайталануы бар ма?</p> <p>Қылмыстардың қайталануының түсінігін және олардың түрлеріне сипаттама беріңіз.</p>
30	<p>Зырянов пен Рыбкиннің арасында төбелес шықты. Төбелес аяқталған кезде күші басым, кету үшін бұрылады, шет жақта тұрған Орлов Зыряновке тасты көрсетіп, басынан ұру туралы нұсқады. Зырянов тасты ала салып Рыбкинді қуып жетіп, басына ауыр жарақат келетін соққы</p>

жасады.

Орловтың іс-әрекетінде қатысу белгілері бар ма?
Егер бар болса, ол қандай нысанда көрініс тапқан?

Әдістемелік бюро төрайымы:

Есетова С.К.

Кафедра меңгерушісі:
з.ғ.д., профессор:

Джансараева Р.Е.

Дәріскер

Арын А.А.